

**8D01101 – «Педагогика және психология» - мамандығы бойынша  
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
 АХМЕТОВА ЭЛЬМИРА КАЛДЫБЕКОВНАНЫҢ  
 «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық  
 ынтымақтастығы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
 СЫН-ШКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған</u> (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Ахметова Эльмира Калдыбекқызының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы бүгінгі таңдағы еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына ұсынған Жолдауларының стратегиялық бағдарламаларына, Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқытуды және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыруды көздеген ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысына сәйкес 2021-2025 жылдар аралығында нақты және ең маңызды міндеттерді шешуге бағытталған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының бағыттарына сәйкес келеді. ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы, ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуді қолдау туралы» Заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы заңы және «ҚР инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңнамалары мен мемлекеттік бағдарламаларына негізделген.</p>

			<p>Инклюзивті білім беру бүгінгі ғылым саласында әлі де жан-жақты зерттеулерді талап етіп отырған өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Осыған орай еліміздегі отандық білім беру саласында да барлық балалардың тең құқылы білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивті білім беру жүйесін дамыту ерекше назар аударылып отырған негізгі мәселелердің бірі болып табылады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Зерттеу жұмысы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Диссертацияның құрылымы, тақырыптық-мазмұндық желісі жүйелі және ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді және практикалық тұрғыдан да өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Зерттеуде қол жеткізген тұжырымдамалар мен қорытындылар нақтылығымен, ғылыми көзқарастың тиянақтылығымен мағызды болып табылады. Зерттеу мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру мәселелерін шешудің жаңа әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерін тәжірибе жүзінде ілгерілетуге мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс инклюзивті білім беру жүйесінің зерттелу аясын кеңейте түсетін іргелі еңбек болып табылады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:  1) жоғары;  2) орташа;  3) төмен;  4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертанттың жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары және өзі жазу принципіне сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері орындалып, тәжірибелік тиімділігі дәлелденген. Ізденуші зерттеудің жетекші идеясын мектеп пен отбасы ынтымақтастығының педагогикалық әлеуетін толыққанды жүзеге асыру, мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыруға және дамытуға негіз болады деп қарастырады. Жұмыс аяқталған, өзіндік қорытындысы бар, тұжырым жасалған, дербес орындалған жұмыс болып саналады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) <u>негізделген</u>;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен бүгінгі күнгі маңыздылығы жан-жақты айқындалып, негізделген. Зерттеу барысында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру және мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы мәселелері отандық, жақын және алыс шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалған. Еліміздегі білім беру жүйесінде әр бір баланың ақыл-ой қабілеттері мен мүмкіндіктерін, жеке даму ерекшеліктері мен сұраныстарын ескере отырып инклюзивті білім</p>

		беруді отандық білімді дамытудың маңызды тенденциясы ретінде қарастырған.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Э.К. Ахметова диссертация жұмысын жазу барысында зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми – теориялық, ғылыми – әдістемелік әдебиеттер, халықаралық ғылыми – практикалық топтамаларды, заңнамалық құжат түріндегі материалдарды пайдаланған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу барысында докторант алдына қойған мақсаты мен міндеттерді толық орындаған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Рецензиялауға ұсынылып отырған «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық өзара байланысқан, ішкі бірлікке ие. Диссертацияның бөлімдері мен тараулары зерттеу тақырыбының мазмұнын жан-жақты ашып талдауға және жұмыстың біртұтастығына негіз бола алады. Әрбір бөлім қорытындылары қысқаша тұжырымдалған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыстың әр бөлімінде ізденуші отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып сыни талдау жасап, өзіндік пікірін тұжырымдаған. Жүргізілген зерттеулер мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының нақты жай-күйі мен динамикасы туралы теориялық және эксперименттік-тексерілген білімдердің елеулі алшақтығын көрсетеді. Зерттеуде психологиялық-педагогикалық жағдай ретінде тұжырымдалған инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының жаңа мүмкіндіктері мектеп пен отбасының серіктестік әлеуеті туралы түсініктерді кеңейтеді, оны нығайту мен дамытудың басқа да жаңа тәсілдері мен шешімдерін іздестіру мен әзірлеуді жандандырады. Инклюзивті білім беруді дамытуда мектеп педагогтары мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылдың

			педагогикалық әлеуеті айтарлықтай жоғары және оны тиімді пайдалану мақсатты және жүйелі іс-қимылдарды талап етеді деп келтірілген. Автор ұсынған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Өйткені, еліміздегі орта білім беру саласында инклюзивті білім беруді мектеп пен отбасы ынтымақтастығы арқылы дамыту әдістемесі тәжірибелік-эксперимент жүзінде бұған дейін қарастырылмаған. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында келесі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізген: - «Инклюзивті білім беру» ұғымы нақтыланған, «инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығы» ұғымына авторлық анықтама берілген; - мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру үдерісін жетілдірудің әдіснамалық тұғырлары негізделген; - мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалған; - мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; - инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік жүйесі жасалып, тиімділігі тәжірибелік - эксперименттік сынақтан өткізіліп, дәлелденген. Сол себепті, зерттеудің ғылыми құндылығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары әрі жаңа деп есептеуге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертация қорытындысы зерттеу жұмысы бойынша қойылған міндеттерге сәйкес жүргізілген зерттеу нәтижелеріне негізделген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі бойынша бірнеше ұсыныстар жасалған. Диссертанттың жұмысы ғылыми негізделген зерттеу ретінде ғылыми жаңашылдық принципіне сай келеді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері	Автордың ұсынып отырған зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік негізі жаңа әрі негізделген болып табылады. Зерттеу

		<p>жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тақырыбына қатысты мәселелерді шешу барысында теориялық, эмпирикалық, зерттеу нәтижелерін сапалы талдау әдістері, эксперимент нәтижелерін өңдеудің математикалық статистикалық әдісі қолданылған. Зерттеу әдістемесін практикада жүзеге асыру барысында инклюзивті білім берудің техникалық және технологиялық шешімдері қарастырылған. Инклюзивті білім беруде мектеп-отбасы ынтымақтастығының өлшемдері мен ұсынылған критерилері толығымен жаңа деп саналады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Ізденуші Э.К. Ахметованың диссертациялық жұмысында келтірілген барлық тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми тұрғыдан теориялық және эмпирикалық зерттеулердің нәтижесіне негізделіп, дәлелденген. Теориялық зерттеуде зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерді, ғылыми әдебиеттерді талдау; салыстыру, жинақтау; білім беру жүйелеріне қатысты стандарттар, білім беру бағдарламалары, нормативтік құжаттар және педагогикалық озық тәжірибелерге талдаулар жасау, жинақтау, салыстыру, модельдеу әдістері пайдаланылды. Эмпирикалық зерттеуде бақылау әдісі, әңгімелесу, сұхбат жүргізу, сауалнама, диагностикалау, педагогикалық зерттеу әдістері, сараптамалық бағалау әдістері қолданылған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыста берілген қағидаттар зерттеу нәтижелері арқылы негізделіп, тұжырымдалған. Сол себепті қорғауға ұсынылып отырған қағидаттар дәлелденген болып табылады.</p> <p>7.2 Қорғауға ұсынылған қағидаттар жаңа болып табылады, сол себепті олар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Диссертанттың зерттеу жұмысының қорытындылары толықтай жаңа: «Инклюзивті білім беру» ұғымы нақтыланған, «инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығы» ұғымына авторлық анықтама берілген; Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру үдерісін жетілдірудің әдіснамалық тұғырлары негізделген; Мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде инклюзивті білім берудің психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалған; Мектеп – отбасы ынтымақтастық жүйесінде</p>

		<p>1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p>	<p>инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; Инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығының әдістемелік жүйесі жасалып, тиімділігі тәжірибелік - эксперименттік сынақтан өткізіліп, дәлелденген.</p> <p>7.4 Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы қағидаттарының қолдану деңгейі кең. Мектеп пен отбасының инклюзивті білім берудегі өзара іс-қимылының әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеу және талдау мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік интеграциялау жағдайында оқытуда осы маңызды әлеуметтік институттардың тиімді ынтымақтастығы туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мектеп-отбасы ынтымақтастығы жүйесіндегі инклюзивті білім беру процесін модельдеу мектеп пен отбасы серіктестігінің құрылымы мен мазмұны туралы білімді инклюзивті білім беру бағытында кеңейтті. Зерттеу практикада ата-аналар мен мектеп педагогтарының өзара іс-қимылын жандандыру, ата-аналардың функционалдық сауаттылығын, отбасылық тәрбие әлеуетін және интеграциялық үлгілерді бірлесіп ілгерілету аспектісінде мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту негізінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивті білім беру проблемаларын шешудің жаңа әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерін практикада ілгерілетеді.</p> <p>7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары мен қорытындылары 12 ғылыми еңбекте жарық көрді. Оның ішінде: 1-еуі «Scopus» базасына енгізілген басылымда, 3-еуі ҚР ҒЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, 1-еуі РФ жоғары аттестаттау комиссиясы бекіткен басылымда, 5-еуі халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында (оның 2-еуі шетелдік), 2-еуі Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған  1) <u>ия</u>;  2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысындағы әдістеменің таңдалуы және қолданылуы негізделген. Зерттеуде бақылау әдісі, әңгімелесу, сұхбат жүргізу, сауалнама, диагностикалау, педагогикалық зерттеу әдістері, сараптамалық бағалау әдістері, зерттеу нәтижелерін сапалы талдау</p>

	ақпараттың дәйектілігі		әдістерін қолдану арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізген. Зерттеу жұмысында қолданылған әдістер дәйекті дұрыс таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертациялық жұмыстың теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Тақырыпқа сәйкес пайдаланылған әдебиеттер тізімі нақты әрі жеткілікті қолданылған.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Жүргізілген зерттеулер мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының нақты жай-күйі мен динамикасы туралы теориялық және эксперименттік-тексерілген білімдердің елеулі алшақтығын көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығының әдіснамалық тұғырлары мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды интеграциялау модельдерін ілгерілету, осы үдеріске ата-аналардың белсенді қатысуын, сауатты құрылған отбасылық тәрбиені қолдау және мектеп педагогтарының қаралып отырған аспектідегі құзыреттілігін

			<p>арттыруға негізделген мәселелерді зерттеуге ынталандырады. Мектеп пен отбасының инклюзивті білім берудегі өзара іс-қимылының әлеуетті мүмкіндіктерін зерттеу және талдау мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік интеграциялау жағдайында оқытуда осы маңызды әлеуметтік институттардың тиімді ынтымақтастығы туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u></p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысы мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім берудегі мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығын нығайтуға және жан-жақты дамытуға, оған мақсатты, жүйелі және ғылыми негізделген сипат беру арқылы қажеттілікті өзектендіреді. Зерттеу практикада ата-аналар мен мектеп педагогтарының өзара іс-қимылын жандандыру, ата-аналардың функционалдық сауаттылығын, отбасылық тәрбие әлеуетін және интеграциялық үлгілерді бірлесіп ілгерілету аспектісінде мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту негізінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивті білім беру проблемаларын шешудің жаңа әдіснамалық және әдістемелік тәсілдерін практикада ілгерілетеді. «Мектеп – отбасы» ынтымақтастық жүйесінде әзірленген инклюзивті білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі мүмкіндігі шектеулі балаларға тиімді инклюзивті білім беруге бағытталған ата-аналар мен педагогтардың өзара іс-қимылының ғылыми негізделген жүйесін құру үшін пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері, сондай-ақ білім берудің инклюзивті бағдарламаларын іске асыратын мектеп педагогтарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау практикасында, педагогикалық жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып</u></p>	<p>Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Оларды бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту және мектеп пен отбасы педагогикалық ынтымақтастығын тиімді қалыптастыру мәселесін шешуде қолдануға болады.</p>



		табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазылу сапасы жоғары. Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде әрі ғылыми стильде жазылып, рәсімделген. Теориялық-әдіснамалық тұрғыдан толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.

**Шешімі:** Ахметова Эльмира Калдыбековнаның «Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруде мектеп пен отбасының педагогикалық ынтымақтастығы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығы мен тәжірибелік маңыздылығы жоғары, талапқа сәйкес орындалған және толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы ретінде оң бағаланады. Оның авторы Э.К. Ахметова «8D01101 – Педагогика және психология» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

**Ресми рецензент:**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,  
«Педагогика» кафедрасының PhD,  
қауымдастырылған профессор м.а.



А.К. Оралбекова

